

### Силлабус

#### «Жалпы гигиена» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

#### Білім беру бағдарламасы «6В10118 – Медико-профилактикалық іс»

<b>1.</b>	<b>Пән туралы жалпы мағлұмат</b>		
1.1	Пән коды: ZhG 1202	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: Жалпы гигиена	1.7	Курс: 1
1.3	Реквизитке дейінгі: Құқықтық, қаржылық, экологиялық және ғылыми білімдер	1.8	Семестр: 2
1.4	Реквизиттен кейінгі: Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, коммуналдық гигиена, аурулардың алдын алу	1.9	Кредит саны (ECTS): 5
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ЖК
<b>2.</b>	<b>Пәннің мазмұны</b>		
Гигиеналық нормалар, қоршаған ортаның жай-күйін бағалау ережелері мен әдістері, қоршаған орта факторларының денсаулыққа әсері, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін, өмір сүру және еңбек жағдайларын гигиеналық бағалау және талдау дағдылары, аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру туралы білімді қалыптастыру; гигиена және денсаулық мәселелері бойынша инклюзия қағидаттарын сақтай отырып, халық арасында ақпараттық-ағарту жұмысы.			
<b>3.</b>	<b>Жиынтық бағалау нысаны</b>		
3.1	Тестілеу <input checked="" type="checkbox"/>	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Әссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау	3.8	Басқа (көрсету)
<b>4.</b>	<b>Пәннің мақсаты</b>		
Білім алушыларда қоршаған және өндірістік орта факторларының адам денсаулығына әсер ету заңдылықтары туралы іргелі білімді қалыптастыруды, сондай-ақ халық денсаулығын сақтау, нығайту және оның деңгейін арттыру мақсатында гигиеналық бағалау, нормалау және алдын алу әдістерін меңгеруді қамтамасыз ету.			
<b>5.</b>	<b>Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)</b>		
ОН1	Қоршаған орта факторларының, өмір салтының және адам мен халық денсаулығының өзара байланысын біледі.		
ОН2	Адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауда санитариялық және табиғатты қорғау заңнамасының маңызын түсінеді.		
ОН3	Қоршаған орта нысандарының сапасының негізгі көрсеткіштерін білетіндігін көрсетеді.		
ОН4	Негізгі профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың бағыттарын, соның ішінде төтенше жағдайлар кезіндегі профилактикалық шаралардың халық денсаулығы үшін маңызын түсінеді.		
ОН5	Қоршаған орта факторларын (ауа, су, топырақ) зерттеудің гигиеналық және зертханалық әдістерін қолдану дағдыларын көрсетеді.		
ОН6	Халықпен жұмыс істеу барысында инклюзия қағидаттары мен заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып, салауатты өмір салтын қалыптастырудың және әлеуметтік-этикалық нормаларды сақтаудың маңыздылығын бағалайды.		

5.1	Пәннің ОН	Пәннің ОН-мен байланысты БББ оқыту нәтижелері
	ОН1	ОН1 Әлеуметтік-мінез-құлық, биомедициналық, гигиеналық, эпидемиологиялық және клиникалық ғылымдар саласындағы сенімді, заманауи, ғылыми негізделген ақпарат пен білімді сыни тұрғыдан талдайды және тәжірибеде қолданады.
	ОН2	ОН5 Тәжірибеде Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын сақтау туралы нормативтік-құқықтық актілерін; санитариялық және табиғат қорғау заңнамасын; санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандары қызметінің құқықтық негіздерін қолданады.
	ОН3	ОН6 Қоршаған ортаның әртүрлі нысандарының сапа көрсеткіштерін зертханалық және аспаптық зерттеу, талдау және бағалау және оларға жағымсыз әсерлердің алдын алу бойынша ұсыныстар түрінде өз қорытындыларын тұжырымдау дағдыларын меңгерген.
	ОН4	ОН7 Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында қоршаған ортаның, ауыз судың, тамақ өнімдерінің жай-күйіне санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды, тіршілік ету нысандарын қадағалауды, аса қауіпті инфекцияларды әкелуден және таратудан шекараларды қорғауды ұйымдастырады.
	ОН5	ОН12 Халықтың денсаулығын жақсарту және қорғау, инфекциялық, паразиттік және инфекциялық емес аурулардың алдын алу, олардың тиімділігін бағалау бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды әзірлеу, ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын меңгерген.
	ОН6	ОН13 Халық арасында, аурулардың алдын БАҚ арқылы алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру, өзін-өзі дамыту дағдыларын жетілдіру және әлеуметтік-этикалық нормаларды сақтау бойынша санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді.

6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өтетін орны (ғимарат, аудитория): Шымкент қаласы, Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы, Әл-Фараби алаңы- 3, оқу корпусы №4. №1-10 аудиториялар. Телефон: 40-82- 22 (413). Электрондық адрес: <a href="mailto:gigiena.kafedra@mail.ru">gigiena.kafedra@mail.ru</a>					
6.2	Сағат саны:150	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт. сабақ.	ОБӨЖ	БӨЖ
		10	40	-	15	85

7.	Оқытушылар туралы мәліметтер		
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі мен лауазымы	Электрондық мекен-жайы
1.	Утепов Пархат Дусембаевич	м.ғ.к., кафедра меңгерушісі	<a href="mailto:utepov.parkhat@mail.ru">utepov.parkhat@mail.ru</a>
	Долтаева Бибигуль Зайдуллаевна	к.м.н., и .о. профессора	<a href="mailto:Doltaeva68@mail.ru">Doltaeva68@mail.ru</a>
2	Жаксыбаева Женискуль Бегасилкызы	магистр, аға оқытушы	<a href="mailto:zzb09@mail.ru">zzb09@mail.ru</a>

<b>8. Тақырыптық жоспар</b>						
<b>Апта</b>	<b>Тақырып атауы</b>	<b>Пәннің қысқаша мазмұны</b>	<b>Пән-нің ОН</b>	<b>Са-ғат са-ны</b>	<b>Оқыту технологи-ясының формасы / әдістері</b>	<b>Бағалау әдістері/ формалары</b>
1	<b>Дәріс. Тақырыбы</b> Гигиенаға кіріспе. Гигиеналық нормалау мен болжамдаудың ғылыми негіздері.	Гигиена-медицина саласының негізгі профилактикалық пәні. Гигиенаның мақсаты мен міндеттері. Гигиенаның негізгі зерттеу әдістері. Гигиена бөлімдері. Гигиеналық нормативтер. Нормалаудың бірінші кезектілігі және қағидалары.	ОН1	1	Кіріспе	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	<b>Тәжірибелік сабақ: Тақырыбы</b> Бөлме микроклиматын гигиеналық бағалау. Жылытуды бағалау.	Ауа ортасының гигиеналық маңызы. Бөлмелердің микроклиматы. Бөлме ауасының температуралық тәртібі мен ылғалдылығын өлшеу әдістемесі. Термометр, психрометр, барометр, анемометр. Жұмыс істеу қағидасы. Микроклиматтық факторлардың адам ағзасына әсерін кешенді бағалау.	ОН1 ОН2	3	Теориялық мәселелерді талқылау, кіші топпен жұмыс Тест тапсырмаларын шешу	Ауызша сұрау Тест тапсырмаларын шешуді бағалау
	<b>ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы</b> Гигиеналық нормалау, сыртқы орта факторларының әсерімен байланысты туындайтын аурулардың алдын алудың негізі ретінде. 1. Гигиеналық нормалау ұғымына анықтама беріңіз. 2. Гигиеналық нормалаудың негізгі объектілерін (су, ауа, топырақ, тамақ	Гигиеналық норматив. Гигиеналық нормалау қағидалары. Сыртқы орта факторлары.	ОН1 ОН2	1/4	Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру	БӨЖ тексеру-парағы

	өнімдері және т.б.) тізімдеңіз. 3. Қоршаған орта факторларының әсеріне байланысты туындайтын аурулардың алдын алудағы гигиеналық стандарттардың рөлін түсіндіріңіз.				
2	<b>Дәріс. Тақырыбы</b> Атмосфералық ауа гигиенасы.	Температураның, ылғалдылықтың және ауа жылдамдығының гигиеналық мәні. Микроклимат, оны қалыптастыратын факторлар. Микроклимат түрлері, адам ағзасына әсері.	ОН1 ОН2	1	Шолу  Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	<b>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы</b> Бөлмелердегі инсоляциялық тәртіпті, табиғи және жасанды жарықтандыруды гигиеналық бағалау.	Табиғи жарықтандырудың негізгі көрсеткіштері (СК, ТЖК, жарықтың құлау бұрышы, саңылау бұрышы, терендету коэффициенті). Табиғи жарықтандыру көрсеткіштерін анықтау әдістері. Люксметр-яркомер. Люксметр-яркомердің жұмыс істеу қағидасы. Инфрақызыл радиация және УК-сәулеленудің қарқындылығын өлшеу және бағалау әдістері.	ОН1 ОН2 ОН5	3	Теориялық мәселелерді талқылау Тест тапсырмаларын шешу  Ауызша сұрау Тест тапсырмаларын шешуді бағалау
	<b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> <b>БӨЖ тапсырмасы</b> Атмосфералық ауаның ластануының эпидемиологиялық-гигиеналық маңызы. <b>БӨЖ тапсырмасы:</b> 1.Көлік, өнеркәсіп және тұрмыстық сектордың ауа ластануына қосатын үлесіне талдау жасаңыз.	Атмосфералық ауаның негізгі ластану көздері және олардың адамның денсаулығына әсері. Атмосфералық ауаның ластануының эпидемиологиялық ерекшеліктері мен мәселелері. Тыныс алу мүшелерінің созылмалы ауруларының дамуында атмосфералық ластанушылардың рөлі. Атмосфералық	ОН2 ОН3	1/5	Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру  БӨЖ тексеру-парағы

	<p>2. ДДҰ-ның ШРК, санитариялық нормаларын, халықаралық ұсынымдарын зерттеңіз.</p> <p>3. Қаланы көгалдандырудың, ауа мониторингінің, халықты ақпараттандырудың, бетперделер мен сүзгілердің тиімділігін бағалаңыз.</p>	<p>ауаның сапасын гигиеналық нормалау: тәсілдері мен қағидалары.</p> <p>Тұрғындарды ластанған ауаның зиянды әсерінен қорғау бойынша алдын алу шаралары.</p>				
3	<p><b>Дәріс. Тақырыбы</b></p> <p>Су және сумен қамтамасыз ету гигиенасы. Су сапасының адам денсаулығына әсері.</p>	<p>Судың физиологиялық және гигиеналық мәні. Су көздерінің сипаттамасы. Ауыз суға қойылатын гигиеналық талаптар. Судың эпидемиологиялық маңызы. Суды тазарту әдістері. Су көздерін қорғау жөніндегі іс-шаралар.</p>	<p>ОН1 ОН2 ОН5</p>	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	<p><b>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы</b></p> <p>Ауыз сумен және сумен жабдықтау көздерінің сапасын гигиеналық бағалау. Судың сапасын жақсарту әдістері.</p>	<p>Судың физиологиялық-гигиеналық және халық – шаруашылықтық маңызы. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау нормалары. Судың микробиологиялық, химиялық, органолептикалық және радиологиялық көрсеткіштері. Су сапасын жақсартудың негізгі әдістері (коагуляция, тұндыру, сүзу). Судың сапасын жақсартудың арнайы әдістері.</p>	<p>ОН1 ОН2 ОН5</p>	2	Теориялық мәселелерді талқылау Ситуациялық есептерді шешу	Ауызша сұрау Ситуациялық есептерді шешуді бағалау
	<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b></p> <p><b>БӨЖ тапсырмасы</b></p> <p>Судың тұзды және микроэлементтік құрамының өзгеруімен байланысты аурулар. Эндемиялық</p>	<p>Микроэлементтердің адам ағзасы үшін маңызы. Биосфераның биогеохимиялық провинциялары. Эндемиялық аурулар және адамдағы микроэлементоздар.</p>	<p>ОН1 ОН2 ОН5</p>	1/5	Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық	БӨЖ тексеру-парағы

	<p>аурулар туралы түсінік. Су айдындарын қорғау жөніндегі іс-шаралар.</p> <p>1. Судың тұзды және микроэлементтік құрамының өзгеруімен байланысты пайда болатын ауруларды тізімдеңіз (мысалы, флюороз, йод тапшылығы аурулары).</p> <p>2. Биосфераның биогеохимиялық провинцияларын атаңыз.</p> <p>3. Су қоймаларын қорғаудың негізгі шараларын (санитариялық қорғау, ластануды бақылау, тазарту және сүзу) тізімдеңіз және осы шаралардың эндемиялық аурулардың алдын алуға қалай көмектесетінін түсіндіріңіз.</p>	<p>Ауыз судағы химиялық қосылыстардан туындайтын аурулар және олардың алдын алу.</p>			есептерді құрастыру	
4	<p><b>Дәріс. Тақырыбы</b> Тамақтану–денсаулықты сақтау және нығайту факторы ретінде. Тамақтанудың физиологиялық нормалары. Адамның тамақтануындағы тағамның жеке компоненттерінің маңызы.</p>	<p>Тамақтану–тіршіліктің алмастырылмайтын факторы. Тамақтанудың экологиялық және гигиеналық мәселелері. Ұтымды, емдік, профилактикалық тамақтану туралы түсінік. Негізгі қағидалары. Тамақтанудың физиологиялық нормалары.</p>	ОН1	1	Мәселелік	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

	<p><b>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы</b> Ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, минералдық заттардың және дәрумендердің адам тамақтануындағы гигиеналық маңызы.</p>	<p>Қоректік және бөгде заттар. Физиологиялық нормалар. Майлардың биологиялық маңызы. ЖҚМҚ-н биологиялық рөлі. Қарапайым және күрделі көмірсулар. Минералдар - қажетті қоректік заттар. Витаминдердің адамның тамақтануындағы маңызы.</p>	ОН1	3	<p>Теориялық мәселелерді талқылау, Миға шабуыл</p>	<p>ауызша сұрау</p>
	<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы</b> Тамақтан улану және олардың алдын алу. 1.Тамақтан улануды себептеріне байланысты негізгі топтарға бөліңіз (бактериялық, вирустық, химиялық, токсикалық). 2. Әр топ үшін нақты қоздырғыштардың немесе заттардың 2 мысалын келтіріңіз. 3.Әрбір мысал үшін уланудың даму механизмін сипаттаңыз (қоздырғыштың /токсиннің түсуі → ағзаның зақымдануы → белгілері).</p>	<p>Тамақ өнімдеріне гигиеналық сараптама жүргізу әдістемесі. Азық-түлік өнімдерінің тағамдық құндылығы.</p>	ОН1	1/4	<p>Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру</p>	<p>БӨЖ тексеру-парағы</p>
5	<p><b>Дәріс. Тақырыбы</b> Ұйымдастырылған ұжымдардағы тамақтануды медициналық бақылау.</p>	<p>Ұйымдастырылған ұжымдарда тамақтануды ұйымдастыруды медициналық бақылаудың негізгі бағыттары. Емдік және емдік-профилактикалық тамақтану.</p>	ОН1	1	<p>Шолу</p>	<p>Кері байланыс (сұрақ-жауап)</p>
	<p><b>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы</b> Тағамның химиялық құрамын бағалау. Физиологиялық қажеттіліктерді есептеу.</p>	<p>Тағамдық азық-түлік топтарының химиялық құрамы. Өнімдердің энергетикалық құндылығы (ақуыздар, майлар, көмірсулар). Физиологиялық қажеттілік</p>	ОН1	3	<p>Теориялық мәселелерді талқылау, тағамның химиялық құрамын бағалау</p>	<p>Ауызша сұрау</p>

		нормалары (жасына, жынысына, физикалық белсенділігіне қарай). Энергия мен қоректік заттардың күнделікті қажеттілігін есептеу.				
	<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> <b>БӨЖ тапсырмасы</b> Алиментарлы жұқпалы емес аурулардың алдын алу.</p> <p>1.Диетаның қандай элементтері алиментарлық аурулардың (семіздік, қант диабеті, атеросклероз) даму қаупін арттыратынын анықтаңыз.</p> <p>2. Тамақтану мен өмір салтына байланысты негізгі қауіп факторларын түсіндіріңіз.</p> <p>3. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) немесе ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ұтымды тамақтану жөніндегі ұсынымдарын зерделеніз.</p> <p>4.Оларды өз аймағыңыздағы орташа отбасының тамақтану әдеттерімен немесе диетасымен салыстырыңыз.</p>	Алиментарлық жұқпалы емес аурулар ұғымы. Алиментарлық инфекциялық емес аурулардың негізгі топтары. Алиментарлық аурулардың дамуының негізгі себептері. Алдын алу қағидалары.	ОН1	1/5	Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру	БӨЖ тексеру-парағы

6	<p><b>Дәріс. Тақырып:</b> Топырақ гигиенасы. Топырақтың ластану дәрежесін гигиеналық бағалау.</p>	<p>Топырақтың гигиеналық маңызы. Топырақтың эпидемиологиялық маңызы. Жұқпалы және паразиттік аурулардың таралуындағы топырақтың рөлі. Топырақты санитарлық қорғау жөніндегі іс-шаралар.</p>	<p>ОН1 ОН2 ОН5</p>		<p>Шолу</p>	
	<p><b>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы</b> Топырақты санитариялық-гигиеналық бағалау. Елді мекендерді тазарту бойынша іс-шаралар.</p>	<p>Топырақтың құрамы мен қасиеттерінің гигиеналық маңызы. Топырақтың санитариялық жағдайының көрсеткіштері. Халықтың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының дамуындағы топырақтың рөлі.</p>	<p>ОН1 ОН2 ОН5</p>	2	<p>Теориялық мәселелерді талқылау, ситуациялық есептерді шешу</p>	<p>Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешуді бағалау</p>
	<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы</b> Топырақтың химиялық құрамы және оның ия-гигиеналық маңызы. Топырақтағы ауыр металдар (Pb, Cd, Hg, As): гигиеналық бағалау және халықтың денсаулығына әсері. 1. Топырақтың құрамына кіретін негізгі химиялық элементтерді және олардың физиологиялық немесе экологиялық маңыздылығын сипаттаңыз. 2. Топырақтағы улы элементтердің топтарын анықтаңыз: Pb (қорғасын), Cd (кадмий), Hg (сынап) және As (мышьяк).</p>	<p>Экожүйедегі топырақтың рөлі және оның адам денсаулығы үшін маңызы. Топырақтың геохимиялық құрамы туралы түсінік. "Ауыр металдар" ұғымы (АМ). Топырақтың ауыр металдармен ластану көздері. Ауыр металдардың халықтың денсаулығына әсері. Тәуекел топтары. Алдын алу және қорғау шаралары.</p>	<p>ОН1 ОН2 ОН5</p>	1/5	<p>Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру</p>	<p>БӨЖ тексеру-парағы</p>

	3.Бұл элементтердің топыраққа қалай енетінін және онда қалай жиналатынын түсіндіріңіз (табиғи және антропогендік көздер).				
7	<b>Дәріс. Тақырыбы</b> Тұрғын үй гигиенасы. Тұрғын үйлер мен үй-жайларға қойылатын гигиеналық талаптар.	Тұрғын үй ұғымы және оның халық денсаулығы үшін маңызы. Өмір сүру жағдайларының физикалық және психикалық денсаулыққа әсері. Тұрғын үй гигиенасының негізгі міндеттері.	ОН3 ОН4	1	Шолу  Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	<b>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы</b> Тұрғын үйді жоспарлау мен абаттандыруды гигиеналық бағалау.	Пәтерлер мен үйлердің орналасуы. Желдету режимі, жиһаздарды орналастыру. Санитарлық тораптардың гигиенасы.	ОН3 ОН4	3	Теориялық мәселелерді талқылау, пікірсайыс  Ауызша сұрау
	<b>ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы</b> Жатақханаларға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар. 1. Студенттердің жатақханада тұруына қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды тұжырымдаңыз және негіздеңіз. Атап айтқанда: бір адамға шаққандағы ең төменгі алаң; жарықтандыру және желдету нормалары және т. б. 2. Жатақханаңызға (немесе шартты үй-жайға)	Ауданы, қоныстану тығыздығы, санитарлық жағдайы. Инфекциялардың алдын алу ережелері.	ОН2	1/4	Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру  БӨЖ тексеру-парағы

	"санитариялық аудит" жүргізіп, оның санитарлық нормаларға сәйкестігін бағалаңыз.					
	<b>Аралық бақылау-1</b>	1-7 аптадағы дәрістер, практикалық сабақтар және БӨЖ материалдары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	1/5	Тестілеу	Тестілік бақылау парағы
<b>8</b>	<b>Дәріс. Тақырыбы</b> Емдеу-алдын алу мекемелерінің гигиенасы.	Емдеу-алдын алу мекемелерінің мақсаты мен міндеттері. Аурухананың негізгі құрылымдық бөлімшелері.	ОН1 ОН2 ОН4 ОН6	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	<b>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы</b> ЕПҰгигиенасы. ЕПҰ мамандандырылған бөлімшелерінің ішкі орналасуын гигиеналық бағалау.	ЕПҰ гигиенасының мақсаты мен міндеттері. Аурухана жер телімін таңдауға және оның орналасуына қойылатын гигиеналық талаптар. ЕПҰ-ның ситуациялық және бас жоспарын жоспарлау принциптері. Аурухана құрылысы жүйелерінің гигиеналық сипаттамасы.	ОН1 ОН2 ОН4 ОН6	3	Теориялық сұрақтарды талқылау, пікірсайыс, ЕПҰ-ның ахуалдық және бас жоспарымен танысу.	Ауызша сұрау
	<b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> <b>БӨЖ тапсырмасы</b> Ауруханалардың ас блоктарын орналастыруға, жоспарлауға, жабдықтауға және олардың жұмысын ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптар. 1. Емдеу мекемесінің аумағында ас блогын орналастыруға қойылатын талаптарды зерттеңіз. 2. Сумен жабдықтауға, желдетуге, жарықтандыруға		ОН1 ОН2 ОН4 ОН6	1/5	Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру	БӨЖ тексеру-парағы

	және микроклиматқа қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарды сипаттаңыз; 3. Пациенттердің денсаулығына ықтимал қауіптерді көрсетіңіз.					
9	<b>Дәріс.</b> <b>Тақырыбы:</b> Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы.	Әр түрлі жас кезеңін-дегі балалардың дамуы мен өсу ерекшеліктері. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы және оны шарттайтын факторлар. Балалар арасында алдын-алу іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу.	ОН1 ОН2 ОН4 ОН6	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> <b>Тақырыбы:</b> Балалар ағзасының өсуі мен дамуының негізгі заңдылықтары. Жас ерекшелік кезеңдері.	Балалар ағзасының өсу мен даму заңдылықтары. Өмірлік циклдің кезеңдері. Жеке даму үдерістерінің кезеңділігінің жіктелуі (жас топтары). Балалардың денсаулығына профилактикалық тексерулер арқылы медициналық бақылау жүргізу. Санитариялық-ағарту жұмысының ерекшеліктері	ОН1 ОН2 ОН4 ОН6	2	Теориялық сұрақтарды талқылау, ситуациялық есепті шешу	Ауызша сұрау Ситуациялық есептердің шешімін бағалау
	<b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> <b>БӨЖ тапсырмасы</b> Балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі. 1. Физикалық белсенділіктің негізгі мақсаттарын; ұсынылатын түрлерін; жүктемелердің рұқсат етілген қарқындылығы мен ұзақтығын көрсетіңіз	Дене тәрбиесінің гигиеналық негізі ретінде қозғалыс белсенділігі. Дене тәрбиесінің қағидалары.	ОН1 ОН2 ОН4 ОН6	1/5	Презентация дайындау және қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру	БӨЖ тексеру-парағы

	2.Физикалық тәрбиелеудің жастық ерекшеліктерін атаңыз. 3.Физикалық тәрбиелеуді ұйымдастыруға гигиеналық баға беріңіз.					
10	<b>Дәріс. Тақырыбы</b> Еңбек гигиенасы мен физиологиясы. Өндірістегі сауықтыру іс-шараларының жүйесі.	Еңбектің негізгі түрлері. Еңбек гигиенасының объектілері. Еңбек гигиенасын зерттеудің негізгі әдістері. Еңбек физиологиясы.	ОН1 ОН2	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	<b>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы</b> Өндірістік шаң. Өндірістік шаңның әсерінен туындайтын аурулар.	Өндірістік шаң және оның гигиеналық маңызы. Шаңның физикалық-химиялық қасиеттері. Шаңның жіктелуі және олардың гигиеналық сипаттамасы. Шаңның адам ағзасына әсері.	ОН1 ОН2	3	Теориялық мәселелерді талқылау, кіші топпен жұмыс, тест тапсырмаларын шешу	Ауызша сұрау тест тапсырмаларын шешуді бағалау
	<b>ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы</b> Еңбек үрдісінің факторларына байланысты туындайтын өндірістік шаршау мен аурулардың алдын алу. 1. Өндірістік шаршау ұғымына анықтама беріңіз. 2. Шаршаудың негізгі түрлерін (физикалық, психикалық, сенсорлық, эмоционалды) тізімдеңіз. 3.Еңбек процесінде шаршаудың даму себептерін ашыңыз. 4. Өндірістік шаршаудың алдын	Өндірістік ортаның зиянды факторлары. Кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар.	ОН1 ОН2	1/4	Презентация қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру	БӨЖ тексеру-парағы

	алу шараларын сипаттаңыз.					
11	<b>Тәжірибелік сабақ:</b> <b>Тақырыбы</b> Медицина қызметкерлерінің еңбек гигиенасы. Кәсіби қатерлер және алдын алу шаралары.	Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері үшін еңбек гигиенасының маңызы. Медициналық мекемелердегі еңбек жағдайларының ерекшеліктері. Кәсіптік аурулардың алдын алудың мақсаты мен міндеттері. Медициналық саладағы кәсіби қатерлерді жіктеу	ОН4 ОН6	3	Теориялық мәселелерді талқылау, миға шабуыл	Ауызша сұрау
	<b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> <b>БӨЖ тапсырмасы</b> Шу, діріл, жарықтандыру, ЭМӨ –жұмысшыларды нормалау мен қорғаудың заманауи тәсілдері. 1. Шудың, дірілдің, ЭМӨ-нің негізгі көздерін және олардың ағзаға әсерін атаңыз. 2. Жұмыс орындарын жарықтандыруға қойылатын заманауи талаптарды көрсетіңіз. 3. Жұмысшыларды физикалық факторлардың әсерінен қорғаудың заманауи шараларын сипаттаңыз.	Жұмыс орнында физикалық факторлардың әсерінен еңбекті қорғаудың өзектілігі. Физикалық факторлардың жіктелуі: шу, діріл, жарық, электромагниттік өрістер. Осы факторлардың денсаулық пен жұмыс қабілеттілігіне әсері.	ОН4 ОН6	1/5	Презентация қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру	БӨЖ тексеру-парағы
12	<b>Тәжірибелік сабақ:</b> <b>Тақырыбы</b> Елді мекендерді жобалауға және жоспарлауға қойылатын гигиеналық талаптар.	Тұрғындар денсаулығы үшін елді мекендерді дұрыс жоспарлаудың маңызы. Қала құрылысы факторларының санитариялық-гигиеналық жағдайға әсері. Гигиеналық жобалаудың мақсаттары мен міндеттері.	ОН2 ОН5	2	Теориялық мәселелерді талқылау, кіші топпен жұмыс	ауызша сұрау

	<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> <b>БӨЖ тапсырмасы</b> Елді мекендердің санитариялық жағдайын бақылау және бағалау. Көгалдандыру және өсімдіктердің санитариялық-гигиеналық рөлі. 1. Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіндегі елді мекендерді санитариялық бақылаудың түсінігі мен маңызын ашыңыз. 2. Санитариялық-гигиеналық көрсеткіштерді сипаттаңыз: атмосфералық ауаның, судың, топырақтың сапасы. 3. Елді мекендердің санитариялық жағдайын бақылау және бағалау әдістерін сипаттаңыз:</p>	<p>Микроклиматты, шуды, ауаның және судың ластануын бақылау әдістері. Құрылыс сапасын гигиеналық бағалау. Өмір сүру жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Жасыл желектердің шаңды, шуды, ауаның ластануын азайтудағы рөлі.</p>	<p>ОН2 ОН5</p>	<p>1/5</p>	<p>Презентация қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру</p>	<p>БӨЖ тексеру-парағы</p>
<p><b>13</b></p>	<p><b>Тәжірибелік сабақ:</b> <b>Тақырыбы</b> Ұялы телефонды пайдалану гигиенасы және шамадан тыс сандық жүктеменің алдын алу.</p>	<p>Ұялы телефонды ұзақ мерзімді қолданудың көру, арқа жотасына және жүйке жүйесіне әсері. Жүктемені азайту үшін жұмыс тәртібі мен үзілістер. Ұялы телефондардың электромагниттік өрістері (ЭМӨ): гигиеналық бағалау және қорғау.</p>	<p>ОН4 ОН6</p>	<p>3</p>	<p>Теориялық мәселелерді талқылау, миға шабуыл</p>	<p>Ауызша сұрау</p>
	<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> <b>БӨЖ тапсырмасы</b> "Ұялы телефонның өсіп келе жатқан ағзаға әсері: гигиеналық</p>	<p>Ұялы телефондардың балалар мен жасөспірімдерге әсерін зерттеудің өзектілігі. Жастық шақта мобильді құрылғыларды</p>	<p>ОН4 ОН6</p>	<p>1/4</p>	<p>Презентация қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді</p>	<p>БӨЖ тексеру-парағы</p>

	<p>аспектілер және алдын-алу".</p> <p>1. Өсіп келе жатқан ағзаға (балалар мен жасөспірімдер) ұялы телефонның әсерінің гигиеналық аспектілерін ашыңыз.</p> <p>2. Ұялы телефондардың өсіп келе жатқан ағзаға теріс әсерін азайтуға бағытталған профильдік шаралар кешенін атаңыз.</p>	<p>пайдаланушылар санының өсуі.</p> <p>Өсіп келе жатқан ағзадағы ерекшеліктер: жүйке жүйесінің, көздің, тірек-қимыл жүйесінің сезімталдығы.</p>			құрастыру	
14	<p><b>Тәжірибелік сабақ:</b></p> <p><b>Тақырыбы</b></p> <p>Профилактикалық медицина: қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіндегі гигиенистің рөлі.</p>	<p>Профилактикалық медицина ұғымы және оның халықтың денсаулығы үшін маңызы.</p> <p>Профилактикалық медицинаның негізгі міндеттері мен мақсаттары: сырқаттанушылықты азайту, денсаулықты сақтау, еңбекке қабілеттілікті ұзарту.</p>	ОН4	3	Теориялық мәселелерді талқылау, пікірсайыс	Ауызша сұрау
	<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b></p> <p><b>БӨЖ тапсырмасы</b></p> <p>Арудың алдын алу: деңгейлері мен бағыттары.</p> <p>1. Денсаулық сақтау жүйесіндегі аурулардың алдын алу түсінігі мен маңыздылығын ашыңыз.</p> <p>2. Арудың алдын алудың негізгі бағыттарын сипаттаңыз.</p>	<p>Біріншілік профилактика.</p> <p>Екіншілік профилактика.</p> <p>Үшіншілік профилактика.</p>	ОН4	1/5	Презентация қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру	БӨЖ тексеру-парағы
15	<p><b>Тәжірибелік сабақ:</b></p> <p>Радиациялық гигиена ғылым ретінде.</p>	<p>Радиациялық гигиенадағы негізгі ұғымдар, терминдер мен анықтамалар.</p> <p>Адамның сәулеленуін гигиеналық реттеу.</p>	ОН1 ОН2	2	сабақ тақырыбын талқылау, кіші топпен жұмыс	ауызша сұрауды тексеру парағы

<p><b>ОБӨЖ/ БӨЖ</b> <b>БӨЖ тапсырмасы</b> Иондаушы сәулелену (ИС). Жабық және ашық жасанды ИС көздерімен жұмыс істеу кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидалары. 1. Иондаушы сәулеленудің негізгі түсініктері мен гигиеналық аспектілерін ашыңыз. 2. Жабық және иондаушы сәулеленудің ашық көздерімен жұмыс істеу ерекшеліктерін сипаттаңыз. 3. ИС көздерімен жұмыс істеу кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаларын сипаттаңыз.</p>	<p>Иондаушы сәулелену (ИС). Иондаушы сәулелену көздеріне сипаттама. Иондаушы сәулеленудің түрлері. Радиобелсенділік.</p>	<p>ОН1 ОН2</p>	<p>1/5</p>	<p>Презентация қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру</p>	<p>БӨЖ тексеру-парағы</p>
<p><b>Аралық бақылау-2</b></p>	<p>8-15 аптадағы дәрістер, практикалық сабақтар және БӨЖ материалдары бойынша білім алушылардың білімі мен дағды-ларын бағалау.</p>	<p>ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6</p>	<p>1/5</p>	<p>Тестілеу</p>	<p>тестілік бақылау парағы</p>

**Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу: 15 сағат**

<p><b>9</b></p>	<p><b>Оқыту және бағалау әдістері</b></p>	
<p>9.1</p>	<p>Дәріс</p>	<p>Кіріспе, шолу, мәселелік . Кері байланыс (сұрақ-жауап)</p>
<p>9.2</p>	<p>Тәжірибелік сабақ</p>	<p>Теориялық мәселелерді талқылау, кіші топпен жұмыс, тест тапсырмаларын шешу, ситуациялық есепті шешу, миға шабуыл, пікірсайыс. Ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешуді бағалау, ситуациялық есептердің шешімін бағалау.</p>
<p>9.3</p>	<p>ОБӨЖ/БӨЖ/</p>	<p>Презентация қорғау, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді құрастыру. БӨЖ тексеру-парағы.</p>
<p>9.4</p>	<p>Аралық бақылау</p>	<p>Тестілеу. Тестілік бақылау парағы</p>

**10. Бағалау критерийлері**

<b>10.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері</b>					
<b>ОН №</b>	<b>Оқыту нәтижелері</b>	<b>Қанағаттанарлықсыз</b>	<b>Қанағаттанарлық</b>	<b>Жақсы</b>	<b>Өте жақсы</b>
ОН1	Қоршаған орта факторларының, өмір салтының және адам мен халық денсаулығының өзара байланысын біледі.	Өмір салты, денсаулық және қоршаған орта факторларының өзара байланысын білмейді немесе дұрыс түсіндірмейді; мысалдар келтіре алмайды	Өмір салты, денсаулық қоршаған орта, факторларының өзара байланысы туралы жалпы түсінік береді, дәлсіздіктерге жол береді, мысалдары шектеулі	Өмір салты мен қоршаған орта факторларының халықтың денсаулығымен байланысын дұрыс түсіндіреді, мысалдар келтіреді	Өмір салты мен қоршаған орта факторларының халықтың денсаулығына әсерін терең және дәлелді түрде талдайды және бағалайды, ғылыми дәлелдер мен мысалдарды қолданады
ОН2	Адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауда санитариялық және табиғатты қорғау заңнамасының маңызын түсінеді.	Санитарлық және табиғатты қорғау заңнамасының рөлін білмейді немесе дұрыс түсіндірмейді; нормативтік актілерге мысалдар келтіре алмайды	Денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін заңнаманың жалпы маңыздылығын түсіндіреді, дәлсіздіктерге жол береді, мысалдары шектеулі	Санитарлық және табиғатты қорғау заңнамасының маңыздылығын дұрыс түсіндіреді, негізгі нормативтік құжаттардың мысалдарын келтіреді және оларды қолданады	Халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғаудағы санитарлық және табиғатты қорғау заңнамасының рөлін терең талдайды және бағалайды практикалық жағдайларды талдауда заңнама нормаларын дәлелді қолданады
